

Үкіметтік бағдарламалардың тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1136 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 маусымдағы № 361 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 03.06.2019 № 361 қаулысымен. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған үкіметтік бағдарламалардың тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 1136 қаулысымен
бекітілген

Үкіметтік бағдарламалардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.11.2016 № 668; 29.12.2016 № 919 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; 31.12.2016 № 922; 13.03.2017 № 113; 22.06.2017 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.08.2017 № 498; 26.08.2017 № 511; 23.10.2017 № 674; 14.06.2018 № 347; 25.08.2018 № 523 қаулыларымен.

Р/с №	Атауы	Жауапты мемлекеттік орган	Үкіметтік бағдарламаларды іске асыру мерзімі
1	2	3	4
1.	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 14.06.2018 № 347 қаулысымен.		
2.	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	2015 – 2019 жылдар
3.	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 25.08.2018 № 523 қаулысымен.		

4.	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 13.03.2017 № 113 қаулысымен.		
5.	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 919 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.		
6.	"Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасы	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі	2017 – 2021 жылдар
7.	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	2017 – 2021 жылдар
8.	"Ұлттық инвестициялық стратегия" инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарлама	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі	2018 – 2022 жылдар
9.	"Ұлттық экспорттық стратегия" бағдарламасы	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі	2018 – 2022 жылдар

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 1136 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы тізімі

1. "Салалық бағдарламалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 1056 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 5 ақпандағы № 42 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 11-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 3, 19-құжат).

3. "Салалық бағдарламалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 1056 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 320 қаулысы.